



АЙТАРЫМ БАР...

Жақында Елордада болдым. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жиыны өтті. Қатыстым. Сөз берді. Көп адам жиналғандықтан, регламент сақталды. 3-4 минут сөйлеуге уақыт берілді. Әрине, айтқым келгеннің барлығын жеткізе алмадым. Сондықтан өз толғанысымды әлеуметтік желіде жариялауды жөн көрдім. Бір қажетке жарар деп үміттенемін.

жасырған өледі» деген мақал бар. Сондықтан бізге бірінші кезекте ашы да болса, шындық керек деп ойлаймын. «Біз неге мұндай күйге түстік, қазіргі жеткен жеріміз осы ма?» деген сұраққа көптен бері жауап іздеп жүрмін. Біз неге осыған көндігеміз?

Біз «алдымен экономика, одан кейін саясат» деген ұранмен өмір сүріп келдік. Қазір бәрі керісінше. Алдымен саясат, одан кейін экономика. Тағы да не алдыңғысы да, не кейінгісі жұмыс істемейді. Өйткені ең алдымен мәдениет болуы керек. Ал қалғандары одан кейін бола жатады. Онсыз

МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ ӨЛШЕМІ



КОМЖ: F. ҚАЛИЕВА

Ең алдымен бір айтарым бар. Ұлттық кеңес — парламент, сенат, мемлекеттік мекемеде көтерген жауыр тақырыптың көшірмесі болмауы керек. Егер қалай да белгілі бір түйткіл сөз болса, оның шешімін табумен айналысуы тиіс. Бір нақтылай кететін сауал: мұнда не туралы айтуға болады? Мұны неге сұрап отырмын? Ұзақ уақыт бойы бізде былай болды. Президентке арналған ақпарат алдымен әбден сүзгіден өткізіледі. Бұл қаншалықты дұрыс? Бізде «ауруын

мәдениетсіз адамды үлкен саясатқа да, үлкен экономикаға да араластыруға болмайды. Мәдениетсіз адам менеджер ретінде белгілі бір жетістікке жетуі мүмкін. Бірақ бұл уақытша жетістік. Шектеулі адам қолындағы шексіз биліктің тарттырар зардабы ауыр. Біз бүгінде нені байқап жүрміз? Шенеуніктер Димаш Құдайберген мен Ержан Максимнің жетістігіне ортақтасып жүр.

(Жалғасы 3-бетте)

ОСЫ ҒОЙ ЕНДІ...

ШЫНТАҚ ІШКЕ ИЛУШІ ЕДІ...

«Ауылдағының аузы сасық». Құлаққа өрсі болса да, осы сөз мәтелге айналып барады. Өзіңді өзекке тәуіп, өзгені жарылқайтындар мұны қайдан түсінсін? Басқа елді қайдам, бірақ бізде шетелдік жұмысшыларға оң қабақ танытып, соларға жұмыс беріп, ақша мен жағдай жасау — заңмен қорғалып қана қоймай, бұлжымайтын әдетке айналууда. Бұлай деуімізге не себеп?

Шымқалада «Шымкент крепеж» деген компания бар. Зауытта сондай жағдай тіркелген. Бұл туралы көші-кон қызметі комитеті төрағасының орынбасары Сабыржан Сейітжанов хабарлады. Оның айтуынша, «Шымкент крепеж» жергілікті жұмысшылар жиналып, компания басшылары оларға жұмыс істетуден бас тартқанын жеткізген.

Наразылық шараға барғандардың дені — Түркістан облысы мен Шымкент қаласының тұрғындары. Мәселенің мәні мынада: жұмысшылардың айтуынша, жергілікті кәсіпорында қытай, қырғыз, өзбек азаматтары заңсыз кіріп, жұмыс істейді екен. С.Сейітжанов: «Мамандарымыз дереу оқиға орнына барып, тексеру жүргізген болатын. Айтқандары шын болып шықты», — дейді. Сонымен бірге



ол ел аумағына заңсыз кірген шетел азаматтарының жауапқа тартылғанын да ескертті.

Бұл жерде кінәлі кім? Заңсыз жұмыс берген мекеме ме, жоқ, әлде елге заңсыз кірген шетелдіктер ме? Мұны анықтау құзырлы орындардың жұмысы. Алайда өз азаматтарын босатып, жатжұрттықтарға жұмыс берген зауыт басшыларының жазасыз қалуы мүмкін емес. Қазақ «Шынтақ ішке иіледі» деуші еді, бұлардың қолы неге қисық?

Жарас ШӨКЕ

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Қазақ «Батпандап кіріп, мысқылдап шығады» деп ауруды айтқан. Аурудың түрі көп. Масылдық та ауыр дерт. Билік банктен несие алғандардың қарызының бір бөлігін жабуды үкіметке тапсырды. Несиесі кешірілгендер мәз боп жүр. Ал қарызын бала-шағасының аузынан жырып, уақтылы төлеп жүргендер ше? Олар мұндай алалауға, әрине, наразы. Мәжілістегі «Ақжол» фракциясының депутаты Дәния Еспаева жұртты мазалаған осы мәселені қозғап, депутаттық сауал жолдады. Біз депутаттан мәселенің мәнін сұрадық.



ҚАРМАҚ ЕМЕС, БАЛЫҚ СҰРАЙДЫ

Jas qazaq: Дәния ханым, депутаттық сауалыңызда ел күтпеген дүние айттыңыз. Кейбіреулер қарызын кешірген банктерге алғыс айтып жатса, сіз мұндай бастаманың кемшін тұсын ескерттіңіз.

Д.Еспаева: Бұл жерде борышкер азаматтардың несие берушілердің талаптарын қанағаттандыра алмауы — әлеуметтің негізгі факторы болып, қоғамда үлкен шиеленіс тудырып отыр. Сондықтан осы сауалды көтердім. Мемлекет басшысының үкімет пен ұлттық банкке халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының кепілсіз несиелерін кешіруді тапсыруы, негізі, бекер емес.

Қазіргі уақытта 507 мың азаматтың, яғни жалпы 630 мың несие ісі рақымшылық бойынша кешіріліп, оны өтеуге 106 миллиард тенге бөлінді. Аз ақша емес. Әрине, мемлекет қиын жағдайға тап болған азаматтарға қажетті көмек көрсетуге міндетті. Алайда бұл жерде таяқтың екінші ұшы тағы бар. Барлық қиындықтарға қарамастан, алынған қарызды уақытында төлеп, кейде өздеріне қажетті затты сатып ала алмай, бірақ өз міндеттемелерін адал орындаған азаматтар үшін әділдік болмады.

Jas qazaq: Сіздіңше, қоғамда қордаланған осы түйін қалай шешілуі керек еді?

Д.Еспаева: Бұл әрекеттен кейін, болашақта төлем жасамайтындардың саны қайтадан артып кетпеуіне кепілдік жоқ. Өйткені әлеуметтік шиеленісті төмендету үшін қайтадан бұл әрекетті қайталау қажет болады. Нарықтық экономикасы дамыған әлем елдерінің ешқайсысында мұндай ауқымды қарызды кешіру шарасы ешқашан болмаған. Ал қарызын төлей алмайтындарға қатысты мәселе банк саласында банкроттық туралы арнайы заң аясында шешіледі. Белгілі бір уақытта несиесін төлей алмаған, банкротқа ұшыраған жеке тұлғаларға арнайы шектеу қояды. Бірақ олардың үйсіз адамға айналмауын, шаңырағын сақтап қалуына басқа да әлеуметтік мүмкіндіктерінен айырылмауына кепілдік береді.

Германияда мұндай банкроттық туралы заң 1994 жылдан бастап қолданылып келеді. Оның кейбір ережелері жеке тұлғалардың банкроттығына арналған. Ал Америка Құрама Штаттарында жыл сайын шамамен 1-2 миллион адам банкрот боп танылады. Оның 96% -ы американдықтардың банк алдындағы қарызын өтей алмауымен байланысты. Бұл елде азаматтардың банкротқа ұшырауына арналған арнайы заң бар. Жеке тұлғаларға арналған банкроттық мәселе көрші Ресейдің заңнамасында да реттелген.

(Жалғасы 3-бетте)



Бекболат ТІЛЕУХАН,
Мәжіліс депутаты:

«Мәселе жүйеде (білім жүйесі – ред.). Жүйе – қаскөй жүйе. Мұндай жаман жүйе жоқ. Талай проблема бар. Жұмыссыздықты айтып жатырмыз. Жемқорлықты айтамыз. Масылдық дейміз. Елімжандықтың жоқтығы дейміз. Осының бәрі де проблема шығар. Бірақ осы білім жүйесінен маңызды проблема – біздің ұрпақ үшін жоқ»
(«Ашық алаң» бағдарламасынан)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ



Қайнар ОЛЖАЙ,
публицист:

«Жұмыста бір ініміз: «Аға, әлеуметтік желіге шығатын жазбаларыңыз бен сайтта тұратын мақалаларыңыздың ерекшелігі неде?» деп сұрады. «Бала, әлеуметтік желіге шығатын жазба тойда айтылатын ән де, сайтта тұратын мақала сахнада сырқалатын ән ғой» деді»
(Facebook парақшасынан)



БИРЖАМЕТР


МҰНАЙ (brent)
59,65

DOLLAR
386.34

EURO
425,67

РУБЛЬ
5,91

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Мынауын
асыл тұқым
емес ғой...

(Толығырақ 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

Халық артисі Асанәлі Әшімов бір сөзінде: «Отызыңда орда бұзбасаң, қырқыңда қамал алмайсың» дейді ғой. Осы күнгі жетістік пен жемістің бәрі менің сол 30 бен 40-тың арасында істеген жұмыстарымның нәтижесі» депті. Шынында да, адамдардың басым бөлігі осы жаста шыңға шығуға, табысқа жетуге ұмтылады. Асанәлі ағамыз да сөйтті. Ең сүйікті актер атанды. Актер ағамыз бүгінде иісі қазақ жігітіне өнеге, үлгі. Әттеген-ай, осындай қадірлі қарияларымыздың қатарына қосылу, ізін жалғастыру, ұлттың мақтанышы болу кейбір азаматтарымызға бұйырмай тұр. Есесіне, қорқаулар көбейді. Қыз-келіншектерді, тіпті ұлдарды да зорлайтын сұмдар солардың арасынан шығуда.

Осы аптада Сенат депутаты Мұрат Бактиярұлы балалар мен әйелдерге зорлық-зомбылық көрсеткендерді өлім жазасына кесуді ұсынды. Осыған байланысты сенаторға телефон шалғанымызда, бізге: «Әйелге зорлық-зомбылық көрсету, әсіресе жас балаларды зорлау, болмаса оларды ұрлау, адам ұрлау мәселелері — аса ауыр қылмыс. Біздегі қылмыстық кодекс бойынша, өкінішке қарай, бұларға берілетін жаза әлі де



БҮГІНГІНІҢ БАТЫРЫН ІЗДЕЙМІЗ...

жағасын ұстатуда. Ар-ұяттан безгендердің қылмысы ауыр жазаға әбден лайықты. Қыз-келіншектер мен балалардың ар-ожданн таптағандардың қатарын азайту, өзгелерге сабақ болу үшін осыған дейін актаулық бір азаматқа арнаулы ине егуге шешім қабылданған. Ал жарты жылда салынатын бір реттік иненіздің құны 100 мың теңгенің үстінде көрінеді. Шынын айтсақ, бұл қып-қызыл шығын. Ал шын мәнінде елімізде қанша адамға химиялық кастрация жасалған? Қылмыстық атқару жүйесі

Мәселен, қылмыстық кодекске өзгерістер енгізу де қарастырылуда. Бұдан былай әйел зорлағандардың ісі ауыр қылмысқа жатады. Күнә арқалағандар 3 жылдан 7 жыл емес, одан да ұзақ жылға бас бостандығынан айырылады. Ал көмелетке толмағандарға қатысты жыныстық зорлық әрекеті жасалса, 20 жылдан бастап өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылмақ. Бұл шешім баршаның көңілінен шыққанымен, жүйкесі сыр бергендердің жанына бата қояр ма екен? Қорыта айтқанда, әйелдер мен балалардың өміріне төнетін қауіпке қарсы нақты шара қолға алынуда. Ендігі жерде қорқаулардың орнын қаһармандар бассын делік.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ



Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

«Энергетика, сумен қамтамасыз ету, көлік тасымалдау бойынша арнайы жобалар ма? Бізге бұл жобаның қашан болатынын күту қажет емес. Қаржы бар, сіздер нені күтіп отырсыздар? Жобаларды үйлестіру сіздердің негізгі қызметтеріңіз емес пе! Бұл бағыттардың бәрі маңызды. Бұл үшін басқа министрліктермен бірге жобалар іздесеңіздер. Сондықтан күтудің қажеті жоқ. Ақша бар, сондықтан қаражатты пайдалану керек».



Руслан ДӘЛЕНОВ, *ұлттық экономика министрі:*

«Нақтылап айтсақ, дәл осы салаларда мұндай жобалар жоқ. Жобаны жасау үшін Үкімет жанынан инвестицияларды тарту бойынша үйлестіру кеңесі құрылды. Олардың міндеті – жалпы ішкі өнімді 30%-ға жеткізу. Бұл 5% және одан жоғары экономикалық өсімді қамтамасыз етеді».

Анық-қанық

Марат ҚОЖАЕВ,
ішкі істер министрінің бірінші орынбасары:

«Қазір ішкі істер органдарының есебінде «педофил» санаты бойынша 1350 адам, ал «зорлаушы»



санаты бойынша 2831 адам тұр. Кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық жасағаны үшін сотталған 1575 адам түзету мекемелерінде жазасын өтеп жатыр»

Әлеумет.т⁰



АҚ ҚАҒАЗҒА АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

Қазір балаларға қатысты келеңсіз жағдайлар көбейді. Әсіресе жасөспірімдер арасында. Оған ата-ана немесе мұғалім кінәлі деп бір жақты айтуға болмайды. Бұған қоғам, тіпті бәріміз кінәліміз. Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары көбіміздің бала қарауға мүмкіндігіміз болмады. Сол балалар қазір ата-ана атанды.

Бала өмірге ақ қағаз сияқты боп келеді. Оның қандай адам болып шығуы ақ қағазға қандай таңбалар түсетіндігіне байланысты. Балаға тәрбие үш жақтан беріледі. Алғашқысы — отбасы, екіншісі — мектеп, үшіншісі — қоршаған орта. Көп ата-ана балалары бұзакылық жасаса, теріс әрекетке барса, оны түзетудің тетіктерін іздемей, керісінше оған ұстаздарды кінәлайды. Қазір көп жастар мұғалім мамандығына жүрдім-бардым қарайды. Менінше, нағыз ұстаз болу үшін балаға білім беру аз, әр баланың тілін де таба білуі қажет. Баланың мінезін зерттеп, оның көңілін таба білетін психолог та болуы тиіс.

Өкінішке қарай, қазіргі мұғалім мамандығын таңдаған жастардың ойы — қалай да диплом алып шығу. Ал оқушылар телефонның шырмауынан шыға алмай қалды. Тіпті көріп жүрген мультфильмдерінің өзі — атыс-шабыс, айғай-шу. Оны ата-анасы да, ұстазы да біледі. Ал ата-анасына телефон ұстауға тыйым салу керек десеңіз, «ойбай, телефон баламыздың амандығын біліп отыру үшін қажет» — деп шырылдайды. Шын мәнінде бұрын балалар телефонсыз да білім алды емес пе?! Олар ата-анасын да, ұстазын да тыңдайтын. Қазір ондай балалар жоқтың қасы. Ұл-қыздардың теледидардан көретін бағдарламалары да дұрыс болмай тұр. Көксандық — мәні жоқ, мағынасы жоқ дүниеге толы. Қай кезде коссаныз да, әдепсіз нәрселерді көрсетіп жатады. Ата салу, өлтіре салу, пышақ салу. Осыны көп көрсетеміз. Мұндайды көрген бала бәрін қалыпты жағдай деп есептейді. Соған бойы үйренеді.

Баланы есін білер-білмес, тілі шығар-шықпас телефонға телміртіп қоятын болдык. Ал ата-анаға баласының үндемей отырғаны керек. Қазір шынымен де ата-аналардың баламен сөйлесуі, ой бөлісуі, бірге жүруі, бірге демалысқа баруы азайды. Сондықтан олардың дұрыс дамуында да кемшілік бар.

Менін ойымша, мұғалім әр баланың жағдайымен танысуды өз міндетіне айналдыруы керек. Бірінші сыныптан бастап жетекші болады. Әу баста әр баланың жағдайын біліп алса, соған қарай ата-анасымен сөйлесіп тұру — өте қажет нәрсе. Одан біздің ұтарымыз көп. Әсіресе қылмыс деген нәрседен аулақ болған жөн. Ұл-қыздарды осыдан сақтандыру керек-ақ.

Жапон, корей елінде балаларға қойылатын басты талап — бір-бірін сыйлау, құрметтеу, жақсы көру. Содан да болар, ізгілікке, адамгершілікке баулитын арнайы пән жүргізіледі. Бізде осыған ұқсас «Өзін-өзі тану» деген пән бар. Осыған барынша назар аударған жөн. Ең алдымен баланың тәрбиесіне ата-ана жауапты, одан кейін білім ошағындағы мұғалім жауапты. Екі жақ бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнатып, бала тәрбиесіне жіті көңіл бөлінген кезде ғана саналы ұрпақты өсіре аламыз. Ал ұстаз өзі білімді, тәрбиелі болып, шәкірттеріне үлгі бола білуі тиіс.

Аяғүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері



Қызықтан қызықтары

АСЫЛ ТҰҚЫМ ЕМЕС ЕКЕН...

Шымкенттік бір азамат кәсіпкерлерді алдаймын деп, ақыры абақтыға қамалды. Ол «асыл тұқымды» деп сатқан ала сиыр көдімгі ірі қара боп шықты.



С.Терехин есімді азамат алдымен сүйегі асыл тұқымды малы барын айтып, бұл туралы жарнаманы әлеуметтік желіге таратқан. Айғайлап тұрған ақпаратқа қызығушылар дем де табылыпты.

Осы саланы қолға алған кәсіпкерлер Терехиннің текті малына жаппай тапсырыс береді. Бағасына қызыққандар малдың асыл тұқымды екенін тексермей-ақ, жарылқаушы жігітке қомақты қаржыны ұстата салған. Осы тәсілмен ол 68 миллион 450 мың теңгені қалтасына басыпты. Асыл тұқымды емес, көдімгі сиырды алғандар алаяқты сотқа берген. Шымкент қаласындағы Абай аудандық соты хабарлағандай, күні кеше С.Терехинге қатысты сот үкімі шығып, ол 6,5 жылға бас бостандығынан айырылды.

Сөз-Жебе



Марат АХМЕТЖАНОВ,
Бас прокурордың орынбасары:

«Мал ұрлығы кәсіпке айналған. Шығарып беретін біреу бар, соятын біреу бар, тасымалдайтын біреу бар, базарда сататын біреу бар, жалған анықтама алып беретін тағы біреу бар. Сондықтан, оны ауыр қылмысқа жатқызып отырмыз. Мал ұрлығы бойынша ұйымдасқан қылмыстық топтар пайда болып отыр».

Бұл қалай?

Бюджет – 2019

(Игерілмеген қаржы)

74 млрд теңге

Ішкі істер министрлігі – 11 МЛРД

Қорғаныс министрлігі – 10,3 млрд

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі – 10 МЛРД

Мәдениет және спорт министрлігі – 6,7 МЛРД ТЕҢГЕ

Дереккөзі: Қаржы министрлігі

Айтарым бар...

(Басы 1-бетте)

Ал біз не туралы айтсақ та, қайда көз салсақ та, барлығы мәдениетке келіп тіреледі. Мысалы, қаржы мәдениеті, саяси мәдениет, ұлттық мәдениет, пікірталас мәдениеті, бұқаралық мәдениет, тұрмыстағы мәдениет, дене тәрбиесі мәдениеті, спорт мәдениеті тағысын тағылар. Яғни, мәдениет адам өмірінің барлық саласын қамтиды. Өкінішке қарай, біз Маркстің ізімен жүрдік. Ол экономика — базис, қалғандары үстіндегі құрылым деп есептеді.

Ал адамзаттың мыңжылдық тәжірибесі мен барлық әлем діндері керісінше, мәдениетті — негіз, ал қалған экономика мен саясатты құрылым деп есептеді. Мәдениет деп сол қолға шанышқы, оң қолға пышақты дұрыс ұстап, тамактануды айтпаймын. Менің айтқым келгені басқа нәрсе.

Мен адамдардың бойынан міндетті түрде ұстануды талап ететін адамгершілік туралы айтып отырмын. Жемқорлықпен күресу деген не? Шын мәнінде, бұл надандықпен, мәдениетсіздікпен күрес. Тағылымды кітап оқып, отбасында дұрыс тәрбие алған адам тендерде көзбояушылыққа бармайды. Ондай адам бұрмалаудан, кокан-локкы жасаудан, пара тықпалаудан тартынады. Ондай

керек. Министрлік науқаншылдықтан арылуы тиіс. Министрліктің мәдениет саясаты жөніндегі кеңесі болуы тиіс. Оның құрамында шығармашылық интеллигенцияның өкілдері болған жөн. Оның тек кеңес беру мәртебесі болып қана қоймай, қадағалау қызметін жүзеге асыратындай өкілеттігі болғаны абзал. Мәдениет министрлігі өгей

осындай мәдени орталыққа айналатын қанша жер бар? Бір ғана Батыс Қазақстанның өзінде 300-ден асады. Ал оңтүстік

Бұрын әр ауылдың өзі клубы, кітапханасы болатын. Шалғай ауылдың тұрғыны іріктеуден өтіп, үлкен сахнаға жолдама алатын. Ал қазір мұндай атымен жоқ. Әр ауылда, әр ауданда Димаш Құдайберген мен Ержан Максимдері бар. Қазақ өте талантты халық. Тек өнерлі өренге жағдай жасалмайды. Жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі, өңірлердегі жағдай қоғамдағы наразылық осыдан туып отыр.

баланың күйін кешпей, дұрыстап қаржыландырылуы тиіс. Мәдениет министрлігі мемлекетті басқару мен сындарлы саясат жүргізудің басты құралдарының бірі болуы керек. Білік құрылымындағы лауазымды қызметке тұрғысы келетін үміткер өз халқының мәдениеті бойынша емтихан тапсыруы тиіс. Сондай-ақ әлем мәдениетінен хабардар болғаны жөн.

өңірде ше? Сарайшықтың өзі бір төбе. Мен Ұлытау туралы айтпай-ақ қояйын. Өзіміздің тарихымызға қызығушылық білдіру үшін ең алдымен өткенімізді біліп, ол туралы әдемілеп айтуымыз керек! Тағы бір маңызды мәселе бар. Өнерлі жастар елімізден кетіп жатыр. Өйткені мұнда жағдай жоқ. Олар кез келген «голливудта» жұмыс істеуге дайын. Тек оларға мүмкіндік берсе болғаны.

МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ ӨЛШЕМІ

адам коқыспен, былапыт сөзбен, лас идеямен айналасын былғамайды. Мәдениетті адам — арлы адам. Ал арсыз адам мәдениеттен жүрдай адам деген сөз. Бұл жерде жетіспейтін басқа нәрсе бар. Жаратушының андарға емес, адамға берген сыйы. Оянған ар-ождан — адам күш-қуатының сарқылмас көзі. Менің айтпағым — ар жөнінде. Міне, сол нарықтық экономика дені дұрыс базисте жақсы жұмыс істей алады. Ал ар-ождан жоқ жердегі базис есігі ашық тордағы жыртқыш сықылды. Егер адам өмірі мен тұтас мемлекеттің іргесі ар-ождан екенін түсінбесек, бізді қасірет зардабы күтіп тұр. Ар-ожданды тек мәдениет қана оята алады. Ағартушылық. Білім. Бұл жерде мәселеге бір жақты қарауға болмайды. Білім өздігінен көп нәрсені шеше алмайды. Ол әрдайым мәдениетпен етене болуы тиіс. Тіпті мәдениетсіз білімнің өзі қауіпті. Айналаға қаранышшы. Қазір білімді, оқыған жылпостар көп. Мен оларды «әліппе ұстаған жабайылар» деп атаймын. Қазіргі табысты адамның келбеті қандай? Ақылды, бай, білімді. Бірақ адамгершілігі кемшіін. Яғни дәулетті плебей.

Ғалам қазір мәдениетке мұқтаж. Қазір дүниеде алапат мәдениет дағдарысы жүріп жатыр. Біздің елдегі жағдай да өзес емес. Қоғамда рухани көшбасшылар, мәдениет алыптары қалмады. Екі жағалауды жалғайтын көпір де жоқ. Мәдениет мәселесі саясат және ұлттық қауіпсіздікпен бірге астасып жатыр. Бүгінгі әлемде табиғат

Бүгінгі мектеп түлегі цифрлық әлемге, жаһандық ғаламторға шырмалуда. Оның өз ойын жинақтауға шамасы жоқ. Ол тек қас-қағым сәтті ғана ойлайды. Ол ұғынықты тілмен түсіндіре алмайды. Өйткені ол виртуалды әлемде өмір сүреді. Ұялы телефонысыз екі сағатта тұра алмайды. Телефонын жоғалту – ол үшін нағыз қасірет. Ғаламтор таптырмас көмекшіге айналады деп есептеді осыдан біраз бұрын. Бірақ қазіргі жағдайда ғаламтор нағыз жауға айналды.

байлығы, әскер, қару-жарак емес, елдің болашағын ғылым мен өнер айқындайды. Сондықтан біздің саясаткерлер өзінің халқын қандай сипатта көргісі келеді? — деген сауалға бас қатыруы тиіс. Мұндай жағдайда мәдениет пен адамгершілік, білім мәселесін ойлау қажет пе? Менінше, ойлау керек. «Елу жылда ел жаңа» дейді. Оның үстіне қазіргі ахуалда бұлардың маңызы айрықша. Ал небәрі 30 жылда тұтас бір ұлттың адамгершілік қолды өзгеріп кетті. Өйткені басымдық дұрыс қойылмады. Себебі мәдениетті екінші орынға қойдық. Ал 30 жыл дегеніміз не? Бұл мектепті үш толқынның бітіріп шығуы деген сөз. Сапа барған сайын нашарлап барады. Бүгінгі мектеп түлегі цифрлық әлемге, жаһандық ғаламторға шырмалуда. Оның өз ойын жинақтауға шамасы жоқ. Ол тек қас-қағым сәтті ғана ойлайды. Ол ұғынықты тілмен түсіндіре алмайды. Өйткені ол виртуалды әлемде өмір сүреді. Ұялы телефонысыз екі сағатта тұра алмайды. Телефонын жоғалту — ол үшін нағыз қасірет. Ғаламтор таптырмас көмекшіге айналады деп есептеді осыдан біраз бұрын. Бірақ қазіргі жағдайда ғаламтор нағыз жауға айналды. Біз бұл жерде мынадай парадоксты байқаймыз. Технология прогресімен оны игеру арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Мәдениетті, білімді адам елеп-екшеп, өзіне қажеттісін тандап алады. Ал қазіргі жастар, әсіресе оқушылар — бар салмағымен басып жатқан ақпарат ағыны алдында әлсіз.

Менің ұсынысым: мұндай жағдайда ақылды билеуші әскерді күшейтпейді. Әскер мен полиция ең соңғы қадам болуы керек. Ақылды билеуші мәдениет пен білімге ден қояды. Сондықтан бізге дәл бүгін мәдениетке деген көзқарасты түбегейлі өзгерту қажет. Мәдениет министрлігі өзге уәзірліктер арасында ең маңыздысы болуы тиіс. Оны спорттан ажырату керек. Оның әдісі мен қызметін түбегейлі өзгерту

табысындай етіп көрсетеді. Бұлай болмауы тиіс. Таланттыларды жетілдіру әдеттегі шаруаға айналуы қажет.

Мәдениет министрлігі мәдени саясат бойынша кеңес болуы керек. Ол консультативтік орган болып қана қоймай, қадағалау функциясында жүзеге асыруы тиіс. Қазір елімізде тек екі орталық бар. Нұр-Сұлтан мен Алматы. Ал басқалары қайда қалды сонда? Бұрын әр ауылдың өзі клубы, кітапханасы болатын. Шалғай ауылдың тұрғыны іріктеуден өтіп, үлкен сахнаға жолдама алатын. Ал қазір мұндай атымен жоқ. Әр ауылда, әр ауданда Димаш Құдайберген мен Ержан Максимдері бар. Қазақ өте талантты халық. Тек өнерлі өренге жағдай жасалмайды. Жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі, өңірлердегі оқиғалар, қоғамдағы наразылық осыдан туып отыр.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек. Мысалы, мәдениетке қатысты мәселе Біріккен Араб Әмірліктерінде қалай шешіледі? Ондағылар бір кездері мұнайдың таусылатынын алдын ала біліп отыр. «Әрі қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал төңірегінде ойлануда. Оның бірден-бір шешімі — туризмді дамыту. Дубай сауда туризмін дамытса, Әбу Дабі Луврдың филиалын ашты. Бұл жерде мәдени туризмге назар аударып отыр. Енді тек араб елдері мен Таяу Шығыс қана емес, кез келген адам құмдағы елге барып әлемдік өнермен таныса алады. Ол үшін Парижге сабылудың қажеті жоқ. Тағы бір мысал айта кетейін, Испаниядағы Соломон Гуттенхайм мұражайы. Неге ол жерде мұражай ашылды? Себебі неде? Қазір Бильбао — әлемдік туризм индустриясындағы маңызды орталық.

Жана Зеландия. Әлемге әйгілі «Жүзік өміршісі» фильмінің түсірілімі өткен жер. Қазір ашық аспан астындағы мұражай айналды. Оны көруге келушілердің есебінен туризм экономикаға айтарлықтай үлес қосуда. Ал біздің елде

Ал қазіргі зиялы қауым деп жүргеніміз беделінен айырылып бітті. Неге алып туындылар жоқ? Рухани серпіліс нәліктен байқалмайды? Халықты кітапқа қайтаруымыз керек. Адамдар кітап оқып, мәдени ортаны қайта қалпына келтіре алады.

Ал қазір мәдениетті айқындайтын не? Өмірдің тыныс-келбетін қайдан көреміз? Интернет пен телевизия төңірегінде бірер сөз. Бірақ ол жерде ұлы дәстүрдің де, өнердің де жұрнағы жоқ. Әсіресе біздің телевизияда. Танертеннен түннің бір уағына дейін той бизнесті көрсетуден жалықпайтын телеарналар ашылды. Басты республикалық телеарналарда төбелес, атыс-шабыс, жылаулық сериалдан басқа түк те жоқ. Оның сипаты қоғамға жат. Бүгінгі оқырман, тыңдарман, көрерменнің сапалық талғамы қандай? Өкінішке қарай, бүгінде елімізде талғамы мен эстетикалық көзқарасы ұялы телефонмен айқындалатын жастар өріп жүр. Гаджетпен өмір сүретін тұтас ұрпақ қалыптасты.

Қазіргі әлеуметтік желі дегеніміз не? Бұл сүзгіден өтпеген акпарат. Кезексіз микрофон. Біреу айғайлап жіберсе, қалғандары іліп алып кетеді. Кейбірі оны шынайы қабылдап жатады. Осылайша, тар шеңберді айналып жүр. Білімсіз қауыммен талғамы төмен көрермен (тыңдарман, оқырман) кез келген жалған акпаратты талғамай жұта береді. Ортанқол, таяз үстіртін дүниетаным саяси сахнаға жайғасты. Сарабал саясаткерлердің орнына таяздар мен үндеместер келді. Айта кеткен жөн, шама келсе, мәдениетті бойға сіңіру керек. Мәдениет саясаты тұжырымдамасын дайындап, оның жүзеге асыруға ыңшанда кіріскеніміз жөн. Мәдениетке жан-жақты көңіл бөленіміз жөн. Шынайы сараптамадан бастауымыз керек.Алдымен БАҚ-ты, телеарналарды сараптан өткізуіміз қажет. Олардың беріп жатқан айқай-шу жаналықтарының таралуын шектеу керек. Осыдан екі жыл бұрын «Мәдениет арнасы жабылды. Неге? Ештеме көрсетпеді ме, әлде ешкім көрмеді ме? Тағы да айтарым — оқырманды кітапқа қайтаруымыз керек. Бразилия ай сайын жұмысшылардың кітап оқып, театрға баруы үшін 25 доллар көлемінде стипендия бөледі. Одан бөлек, Бразилияның 4 ірі түрмесінде жазасын өтеушілер кітап оқыса, жазасы қысқартатын заң жұмыс істейді. Ежелгі Афинда театр қойылымдарын көруге құлдардан басқа қала тұрғындарының барлығы келетін. Сондықтан мәдениетті үкімет пен партиялардың шешімі қалыптастырады деп ойлау керек. Мәдениеттің дамуына тек жағдай жасау керек. Бұл жердегі басты капитал — адам. Джобс өлер алдында «Сократпен әңгіме-дүкен құру үшін бар байлығымды беруге әзірмін», — депті. Бұл сөзді бекер айтпаған шығар...

Ермек ТҰРСЫНОВ, кинорежиссер



Жедел сұхбат

(Басы 1-бетте)

2014 жылдан бастап «Ақ жол» партиясының депутаттары жеке тұлғалардың банкротқа ұшырау мәселесін заңнамалық жолмен шешу туралы бірнеше рет ұсыныстар жасады. Ол кезде «Банкроттықты оналту туралы» заңға түзету енгізу туралы өтінішімізді үкімет кері қайтарған болатын. 2015



ҚАРМАҚ ЕМЕС, БАЛЫҚ СҰРАЙДЫ

жылы депутаттық бастамаға сәйкес «Ақ жол» фракциясының депутаттары «жеке тұлғалардың банкроттық туралы заңының» жобасын әзірлеген. Алайда бұл жобаны да үкімет жанындағы ведомствоаралық комиссия қолдаған жоқ.

Бізге сол кезде осыған ұқсас заң жобасын «Қаржы министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірлесе отырып дайындауда, оны 2017 жылы қабылдау жоспарда» деп сендірген еді. 2019 жыл аяқталуға жақын. Сол заң қайда?

Jas qazaq: Яғни заңның орындалмағаны ғой. Енді қарыз алып үйренгендер «Маған қармақ бер» емес, «Аузыма балық сал» демей ме?

Д.Еспаева: Үкімет 2014–2015 жылдары жалпыға бірдей кіріс туралы декларация қажет деген сылтаумен біздің сауалдарымызға жауап беруден бас тартқан еді. Бірақ бұл шараға көшу 2025 жылға дейін шегерілді. Осы 5 жылдың ішінде біздің азаматтар тағы 5 рет несие алып, оны қайтармады. Енді олар несиемізді кешір деп өтініш айтпайды. Керісінше жүздеген миллиард қаржыны өтеуді талап ететін болады. Бюрократиялық былыққа берілген ең жоғарғы баға осы емес пе?

Сонымен қатар мәселе бизнесмендер немесе жоғары лауазымды шенеуніктерде емес. Көп жағдайда бұл адамдардың тұрақты жұмысы да жоқ, мәлімдейтін декларациялары да жоқ! Егер үкімет біздің фракция 5 жыл бұрын көтерген жеке тұлғаларды банкроттыққа ұшырату туралы ұсынысына құлақ асқанда, бүгінде дәрменсіз азаматтардың қарызын жабу үшін үлкен қаражат жұмсаудың қажеті болмас еді. Мұндай шығын шықпас еді. Оның орнына қаржыны тұрғын үй, білім беру және денсаулық сақтау салаларына бағыттағанмыз әлдеқайда тиімді болар еді. Сондықтан, Қ.Тоқаев дер кезінде депутаттардың ұсынысы мен ескертпін елеменген шенеуніктердің кесірінен мындаған азаматтарды тығырықтан құтқаруға мәжбүр болуда.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Бір пікір

Өткен аптада Ұлттық сенім кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Қоғамда күйіп тұрған мәселелер қозғалады деп күткенбіз. Шынын керек, кейбір азаматтардың пікіріне қарнымыз ашып қалды. Неге? Бұл сұрақты кеңес мүшесі, құқық қорғаушы Айман Омароваға қойдық.

Айман ОМАРОВА, АДВОКАТ:

ЕҢ БАСТЫСЫ — ДИАЛОГ



аналар мен аз қамтылған топтардың мәселесін көтеретін едім. Біздің топ партиялар туралы, митинг, адвокаттар, бұқаралық акпарат құралдары туралы заңдарға өзгеріс енгізуді ұсынды.

Сіз айтқан көпбалалы аналардың мәселесін әлеуметтік топ мүшелері айтты. Олардың сөзіне мен жауап бере алмаймын. Бұл жолы қоғамда күйіп тұрған өзекті тақырыптар айтылмаса, келесі жолы оны мен айтатын. Өз тақырыбым болмаса да, аузымды ешкім жауып отырған жоқ. Сондықтан кейбір әлеуметтік тақырыптарды көтерімін. Рахым Ошақбаев экономикалық проблемаларды атап айтқанда, зейнетақы, банк жүйесіндегі түйткілерді жеткізді. Мен Конституциядағы 130, 174-баптарға өзгеріс енгізу керектігін айттым. Өйткені, осы екі баппен түрмеде отырған азаматтар қаншама?! Бұл баптарды өзгертпесек, бір ауыз сөзі үшін журналистер жауапқа тартылуы мүмкін.

Jas qazaq: Сол күнгі жиында митинг туралы да айтылды. Бірақ митинг болған жерде біз қоғамдық пікірдің лидерлерін көрмейміз. Олар жиналғандардың арасында болып, солардың пікірі мен уәжін тыңдауы тиіс қой?

А.Омарова: Мен өз басым ешқандай митингіде болған емеспін. Бірақ жер митингісіне шыққан тоқсан адамды босатып алғанмын. Ал басқалар туралы ешнәрсе айта алмаймын. Себебі, кеңес құрамындағылар бір ананың баласы емес. Әркім өзінше тұлға. Арамызда бір-бірімізді мойындамайтындар да бар. Пікірлестер де жүр. Бірақ оған қарап кеңес түк бітірмейді деген қорытынды шығармау керек.

Ұлттық сенім кеңесі бұған дейін құрылып, жұмыс істеген көп кеңестердің бірі болып қалуы да мүмкін. Бірақ мәселе онда емес. Әңгіменің түйіні осы кеңесте , көтерілген мәселе қоғамға пайда әкелсе болды. Бір жағынан, менің қуанып отырғаным — билік пен халық арасында диалог пайда болды. Бұрын мені мұндай кеңес түгілі, жиындарға да шақырмайтын. Қазір шақыра бастады. Демек, билік басындағы азаматтар халықпен ашық жұмыс істеу керек екенін түсіне бастады.

Жарас ШӨКЕ

Үшпаған

АЙЫМБЕТОВТІ БІЛМЕЙДІ, ӘНШІЛЕРДІ ТАНИДЫ



Jas qazaq газетінің бүгінгі санында белгілі режиссер Ермек Тұрсыновтың толғанысын оқыған соң, сіз де екіұшты ойда қаласыз. Шын мәнінде телеарналарда жеңіл-желпі дүние басым болып барады. Жақында ғана бір телеарнада есімін ел білмейтін екі әншіге жүргізуші

жинси шалбардың сыртынан іш киім кигізіп жатыр. Жаға ұстататын жағдай. Мұндай ұят, ұлт атына кір келтіретін керіністерді рейтинг құалауға бағыттаған әр хабардан байқап қаласыз. Осы орайда біз сарапшылар пікірін білгенді жөн көрдік.

Серік ӘБІКЕН, тележурналист:

Қазақ телевизиясы бір апатты бастан өткерді. 10 жыл бойына журналист екінші планға ысырылып, оның еңбегін «жұлдыздарға» еншілеп беріп отырды. Кәсіби журналистер



көтеретін, саяси, экономикалық, мәдени, ұлттық проблемалардың барлығы жабық тақырыпқа айналып, арзан сөзді көзалдар жобалар қаптады. Әнші-бишілерді кінәлауға болмас, «есектің артын жуан да, мал тапқа» ерді. Ең қиыны — бір саланың сол «есекке» айналғаны, залалы орасан болды. Қазір кез келген адамнан жоғарыда не болып жатқанын, парламент қандай жоба мақұлдап, үкімет қандай шешім шығарғанын сұраныз — айта алмайды. Ал Әфир — ырын-жырын шоу, шик-шик күлкі, астанадағы әлем-жәлем тойлар.

Тұрсыновтың «мәдениет алға шығуы керек» дегенін құптайтынымды баяғыда айтқанмын. Жан-дүниеміз бос қалды. Әфирде қалып қойған, 6 жыл бойы жылаған жұрттың көз жасын құрғатқан Бейсан Құранбек қай жыртыққа жамау болсын?! Мәдениеті жоғары, рухы берік ел өзін жылатуға жол бермес еді, арзан күлкіге елітпес еді. Тойшыл әнші мен Айдын Айымбетовтің суретін көшеге алып шығыншы, біріншісі танымал екеніне шүбә жоқ.

Бүгінде телеарналарда бірен-саран сараптамалық хабарлар шыға бастады, шүкір. Ал, тарихыңды, әдебиетіңді, мәдениетіңді жіліктеп, ұрпақ санасына шым-шымдап сіңіріп жоба жоқтың қасы. Өзіңнің терең тамырдан нәрленіп бүршік жарған зор мәдениетті ұлт екенінді білмей Қазақстан деген алыптың өз меншігің екенін де ұға алмайсың. «Экономика, экономика» деп ұрандап жүріп, қазақтың бар байлығын асығыс сатқан кезде жерін ғана емес, жанын да тонап жіберді. Өткенінді жатқа айтпақ түгілі, қазақшаны тілін әзер бұрап сөйлейтін ұрпақ пайда болды. Оны теледидардан анық көріп отырмыз. Ендігі жерде теле, жалпы, ақпараттық саясат та өзгерер деген үміт бар. Мемлекетте қалғуға болмайтын бір қызметші болса, ол — журналистика еді, сол саланы сорлатып алдық. БАҚ оналмай мәдениет те, саясат та оналмайды.

Айнаш ЕСАЛИ, журналист:

Салмақты сөздің киесін мансұқтап, телевизия арқылы анайы әзілдер мен арзан қылжақты дәріптеу — алмағайып дәуірлерден аман өткен бүкіл құндылықтарымыздың кеудесінен ысырумен келеді. Өзекті мәселелердің орнын парықсыз дүниелер басты. Балалардың да көзінше айтуға болмайтын, құрдастардың арзан қалжыны іспетті әңгімелерді теледидардан тындаудың қалыпты жағдайға айналуы қорқынышты. Сондықтан оған тезірек тосқауыл қою керек.

Өткір сатираның орнын басқан тұрпайы да ерсі сөздер, астарлап айтылатын юморды алмастырған отбасы, ошақ қасының қалжыңдары, белден төмен, «шықырсыз» әзілдер көрерменнің талғамын тұралатып қана қоймай, кеше ғана асыл сөздің жаршысы болған телевизия атаулыдан



жұртты әбден жеріндіріп бара жатқанын жоққа шығаруға болмас.

Үйдегі жыртық жейденді тойға киіп бармайтынын секілді, талғамсыз, мәдениеттен жұрдай жәйттерді дүние дидарына тосу — көрерменді телевизиядан түңіліріп барады... Ал есті көрермен алтын уақытын үнемдеу үшін, тіпті ең болмаса жүйкесін сақтау үшін теледидар көрмеуге айналды. Ендігі көрермен таңдау жасай алады. Сондықтан да отандық телеарналар өзінің сапалы көрерменінің басым бөлігін спутниктік арналарға қолдан беріп отыр.

Телеарналарда өріп жүрген санаулы өнер жұлдыздары бар. Бірінен бірі асып, бірінен бірі озғысы келеді. Мәдениетіміз солардың деңгейімен өлшене бастағандай. Рухты оятатын, тарихты тірілтетін, ұлттық құндылықтарды насихаттау барлық арналардың бағына бұйырмай тұр. Олар жалыны жаңғыртатын дүниелерден қаша ма, әлде қаражат бөлінбей ме, әйтеуір «қызықсыз» дүниелер қатарында қалып қойды. Келешек ұрпақ «Балапанмен» ғана емес, өзге арналар арқылы да өсіп келе жатқанын неге ойламаймыз? Сондықтан телевизия хабарларын саралайтын комиссия керек секілді. Өзім ендігәрі теледидар көрмеуге бел будым.

Сәкен СЫБАНБАЙ, публицист:

Бұрын кеңес дәуірінде аптасына бір рет көрсетілетін «Терме» деген телехабар бар еді. Тәуелсіздік алғанымызға отыз жылға жуықтады, ал біз көп мәселеде алға жылжудың орнына кері кетіп барамыз. Терме, жыр, дәстүрлі ән туралы арнайы хабар жоқ, әспеттейтініміз — тек эстрада «жұлдыздары». Олардың ішінде де талантты әншілер бар ғой, бірақ біздің телевизия солардың ең сорақыларын (*әлде өлермендерін?*) сұрыптап алып, «заманымыздың бұлбұлдары — осылар, қане, тамсанындар, танданындар, табынындар!» деп, өз таңдауын байғұс көрерменге зорлап танады.

Теледидар бүгінде толассыз той-думанға айналды. Бұрын «Шіркін-ай, күндіз-түні қазақтың әні әуелер арнайы арнаға қашан қолымыз жетер екен?» деп армандаушы едік. Сол арман ақыры орындалды, бірақ...

«Той-думан» мен «Гәккулегі» әндерді тыңдасаңыз, «біз армандаған арна осы ма еді?» деп ойланyp қаласыз. Орыстың, қырғыздың, түріктің, өзбектің, үндінің, румынның, гректің әндерін қазақшаға сәл ыңғайлап алып, конвейерше заулатып жатыр. «Қазақ әні» деген сипаттамаға лайық ән ілуде бір кездеседі. Басқасы — сөзі қазақша болғанымен, әуені, ырғағы, болмысы, табиғаты, өзегі бөтен, шата, дүрегей дүниелер. Тәулік бойы төпелейтін осы нәрсіз әнсымақтар арқылы жас буынның музыкалық талғамы бұзылып жатыр.



Бұл — бүгінгі «рейтингшіл» уақыттың айықпас дерті. Адамның сана-сезіміне әсер етер ақпараттық-мәдени ықпалды сандық мөлшермен, құрғақ рейтингпен есептеуге көштік. Нағыз мәдениет пен өнердің құнын, рухани құндылықтың шын бағасын қашан рейтинг анықтап еді?

Шүкір, әлемге танылған елімізге шет елдерден қонақтар жиі келеді. Олар «қазақтың көретін қандай салт-дүниелері бар екен?» деп телеарналарды қосып қалғанда, шын мәнінде не көріп жүр? Мәдениетіміз туралы қандай ойда қалады? Тым болмаса осы жағын ойлап жүріміз бе? Сондықтан «елдің айнасы» деп жүрген телеарна хабарларының сапасына көңіл аударып, тиісті шаралар қабылдаған жөн-ау.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

Жанайқай

Жақында Алматыдағы №7 ауруханада шу шығарған азаматтардың әрекетін дәрігерлер сұмдық жағдайға теңестірді. Нақтырақ айтсақ, жансақтау бөлімінде жатқан туысын тез арада көрсетпегені үшін дәрігерлерге қол жұмсаған. Тіпті пайғамбар жасындағы қария қолындағы темір таяғымен мейірбике мен санитарқа дене жарақатын салған.

ДӘРІГЕРМЕН ДАУЛАСҚАНДАР

Біз жолыққан аға мейірбике, зарлап шегушілердің бірі — Гүлжан Ибрагимованың жасы 50-



ден асыпты. 30 жылға жуық еңбек өтілі бар. Бізбен әңгіме барысында: «Осы оқиғадан соң жұмыстан шығып кетіп қалғым келді. Бірақ сүйікті ісін болған соң, қимайсың. Бұрындары дәрігерлерге деген жұрттың ықыласы ерекше еді, сыйлайтын. Тек соңғы 10-15 жылда осындай сый-құрметтен айырылды. Бұған біз емес, жүйкесі жұқарған кейбір адамдар кінәлі деп ойлаймын. Емхана мен ауруханадағыларды ұрып-соғу, боктау күннен-күнге жиілеп барады. Келушілер емдеуші дәрігерді шақырғанша немесе наукас туралы кеңес бергенше шыдамсыздық танытады. Кейде дәрігердің бірден келе салмайтыны шындық. Өйткені бірі палатадағы науқастарды тексеріп жүреді, енді бірі ота жасауға кіріп кетеді. Алайда

тулайтындай жөні жоқ. Арада бір-екі күн өткенде баласы келіп, дәрігерлерден кешірім сұрапты. Алайда мамандар кешірген жағдайда да ол сот алдында жауап беретіні анық. Өкінішке қарай, осы секілді жат көріністер еліміздің әр түпкірінен бой көрсетіп қалады. Былапыт сөз айту былай тұрсын, жедел жәрдем, кезекші, емдеуші, ота жасаған хирург немесе мейірбикелерге қол жұмсау әрекетін саусақпен санап тауыса алмайсыз. Осы төңіректе медицина ғылымдарының докторы, профессор Жангентхан Абылайұлы бізге пікір білдірді: «Мен екі дәуірдің де айырмашылығын көріп келемін. Қызметімізге жаңа технологиялар еніп, дертті анықтау, медициналық көмек



көрсету жақсарды. Адами мінезіміз де өзгерген жоқ. Антқа адальдыктан айнаымалық. Ең бірінші, кісі аурухана есігін аттағанда алдымен Алланы есіне алуы керек. Жақсы көңіл-күймен, жақсылық



бұл ешкімді толғандырмайды. «Сендер малсындар, осы таяқпен ұрып өлтіруге керек» деген сөз жаныма қатты батты», — деген ол көз жасына ерік берді.

Мейірбикенің жылайтындай жөні бар. Бұрынғыдай байсалдылық, орнымен сөйлеу ұмтығылып барады. Гүлжанның айтуынша, қарапайым ине ектіруге немесе жарақатын тандыруға келгендер де сәл киналса, «неге дұрыс істей алмайсындар» деп сыбауды әдетке айналдырған. Айтпақшы, екі апта бұрын дәл осы ауруханада гинеколог дәрігер таяқ жетті. Кіреберісте отырған кезекші қыздарға келген жүкті келіншек тиісті маманды күтуге жүйкесі шыдамай, кезекшілікте тұрған қыздарға дүрсе қоя беріп, ақырында бетіне түсірген. Ал гинекологтан іштегі қызылшақанын шетінеп кеткенін естіген соң, тіпті не істегенін білмей қалады. Аурухананы басына көтеріп, дәрігерге қол жұмсайды. Оқиганың соңы сотқа дейін жетіп, әлгі келіншек 60 мың теңге айыппұл төлеп құтылды.

Ал соңғы жаға ұстатар жағдайдан кейін де дәрігерлер беталды басынғандарды сотқа берді. Бұл мәселеге түсініктеме берген Алматы қалалық ішкі істер департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек: «Қазір екі тараптан да сұрақ-жауап алынды. Істің қалай өрбітіні сот-медициналық сараптамаға байланысты. Ауруханаға келгендердің әрекеті заңға қайшы болса, міндетті түрде айыппұл төлейді», — деді.

Жүрек талмасынан соң пышаққа түскен — оқиғаның басты кейіпкері Ермахан қарияның қазіргі жағдайы жақсы екен. Ал туыстарының

тілеумен табалдырық атауы тиіс. Екіншіден, әр емхана мен аурухананың ішкі тәртібін сақтауға міндетті. Сол тәртіпке өзіміз де бағынамыз.

Қазақ «сабыр түбі — сары алтын» дейді. Мәселенің мәнісін білмей жатып дау шығару — үлкен ағаттық. Ал егер дәрігерлер тарапынан кемшілік болып жатса, бас дәрігерге, денсаулық сақтау басқармасына, тіпті министрлікке дейін шағымдануға болады. Ондай жағдайда міндетті түрде тиісті шара қолданылады. Барлық дәрігерлер науқастарды да, олардың көңілін сұрап келушілерді де ренжітуге қол бермейді деп ойлаймын. Өйткені қазір талап күшті. Заң алдында жауап беретінімізді біз де білеміз. Ал жұртшылық төңірегінде айтарым, кейбіреулер демократия, еркіндік осы екен деп, аузына келгенін айтуға болмайды. Ішкі мәдениет деген болады. Ол халқымыздың «сабыр түбі — сары алтын» деген сөзімен сабақтасып жатыр. Қашан да әділдікті талап етер алдында өз болмысыңызға да бір көз жүгірткен жөн. «Жақсы кісі байқап сөйлейді, жаман кісі шайқап сөйлейді» деген аталы сөзді әрдайым жалыда ұстағаннан ешкім ұтылмайды».

Көпті көрген дәрігер осылай деді. Расында да дәрігерлерге қара күйе жағу, ұрып-соғу, былапыт сөз айту ұят болмай қалды. Ертеректегідей ерекше жағдайды — дәрігерлерге деген құрметті, сыйластықты қалпына келтіру қажет-ақ. Бұған бәріміз мүдделі болуымыз керек.

Жолдасбек
ДУАНАБАЙ

Шара

ЖАЗБЕН ҚОШТАСУ

Алатау ауданында орналасқан №153 балабақша бүлдіршіндері қуанышы көп шуақты жазбен қимай қоштасты. Шынында да, биылғы жаз балалар үшін қызықты да көңілді өтті. Әр күні ұйымдастырылған шаралар олардың таным-түсінігін молайтып, ұл-қыздарды есейтіп жібергендей болды. Әсіресе педагог Гүлдана Дәуренбек пен музыкалық жетекші Алмагүл Әділжанның ұйымдастыруымен «Қош бол, жайдарлы жаз!» атты ойын-сауық сағаты балалармен қатар, ата-аналардың да көңілінен шықты.

Балақайлардың көңілін көтеріп, ойын сергіту мақсатында ұйымдастырылған шара барысында жылдың тамаша мезгілі жаз айлары төңірегінде танымдық деректер айтылды. Жылдың ең ыстық мезгіліндегі ай атаулары туралы қысқаша мәлімет оқылды. Сонымен қатар теке мен қошқардың тартысы, жаз әлі біткен жоқ деп арқаны кенге салған текенің



бірбеткейлігі мен күз болып, қысқа камданудың жайын ойлаған қошқардың жанталасы сахналық көрініс арқылы көрсетілді.

Бүлдіршіндер жазға деген сағыныштарын шағын таптактар арқылы жеткізсе, енді бірі мың бұрала би билеп, асқактата ән шыркады. Сергіту сабағына қатысушылар мен көрермендерге ұл-қыздардың өнері қатты ұнады.

Бак-береке, ырыс-құттың молаятын мезгілі — күз. Бұл туралы көп қызықтар күтетінін түрлі тәсілмен жеткізген бүлдіршіндер жаңа оқу жылына үлкен ынтымен кірісті.

Мәрзия ӘЛЖЕКЕЕВА,
№153 бөбекжай
балабақшасының әдіскері,
Алматы

Сұхбат

Астанада күн аралатып халықаралық жиындар мен спорттық сайыстар өтіп жатады. Шетелден келетін қонақтардан бастап, сол жиынға қатысушылардың, жалпы шаһар тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қалалық полиция департаментіне жүктелген. Бұл орайда, астаналық тәртіп сақшылары міндеттерін абыроймен атқарып, ел сенімін ақтап келеді дегуге толық негіз бар. Біз атаған іс-шаралардың қауіпсіз өтуі де сөзімізге дәлел. Қызметтеріне адал, жауапкершілігі зор мамандардың мінсіз қызмет етуіне осы саланың ардагерлері де зор үлес қосуда. Зейнеткерлікте жүрсе де зейіні мықты азаматтар полиция қызметкерлері, оның ішінде жастармен жиі бас қосып, өз тәжірибелерін үнемі бөлісіп отырады. Қайсар мінезді қарттармен кездесу жас мамандарға қашан да жақсы көңіл-күй сыйлайды. Ал ардагерлер ізін басқан, ісін жалғастырған жігіттер мен қыздардың тынымсыз тірлігіне ризашылық білдіріп, жөн сілтеуден шаршаған емес. Осы орайда біз Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы Қаршыға Кішкентаевпен сұхбаттасқан едік.

Жас qazaq: Қаршыға Балданұлы, сіз үнемі астаналық полицейлердің жүктемесі көп екенін айтып жүресіз. Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында ішкі істер саласында реформа жүретінін жеткізді. Елордалық полицейлердің жұмыс ерекшелігіне қатысты өзіңіз не айтар едіңіз?

Қаршыға Кішкентаев: Президент Жолдауында «Полицияның мемлекеттік күштік құрылымындағы бейнесі бірте-бірте өзгеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтарға қызмет көрсететін органға айналады» деді. Бұл орайда, ішкі істер саласын реформалауға алдағы үш жылда 175 миллиард тенге бөлінетінін де сол Жолдауда айтты. Бұл қаражат полиция қызметкерлерінің енбекақысын

аударуымыз керек. Алайда қызметкерлер кабинеттің тарлығына қарап жатқан жоқ. Күні-түні өз міндеттерін адал атқарып жүр. Ал біз — аға буын ұлттық қауіпсіздік қызметі мен прокуратурада істейтін азаматтар үшін салынған

дайындалмақшы. Бірақ бұл бағытта да жұмыстар істеліп жатыр. Келешекте осы салаға білікті мамандар даярлау жетілдіріліп, ел сақшылары болашақта сапалық жағынан күшейетіндігі анық.

Қаршыға КІШКЕНТАЕВ,

Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы:

ЕҢ ЖОҒАРЫ БАҒА – ЕЛ СЕНІМІ



көбейтуге, баспананы жалға алуға, Халыққа қызмет көрсету орталықтары қағидаты бойынша полицияның заманауи фронт-кеңселерін ашуға жұмсалады. Демек, мұның шарапаты астаналық полицейлерге де тиеді. Сондықтан да біз бұл Жолдауды жылы қабылдадық.

Халықпен тиімді кері байланыс орнату, азаматтардың арыз-шағымдарына ашық және жедел әрекет ету, қызметтік міндеттеріне кәсіби тұрғыда қарау — бүгінгі полицияның негізгі міндеті. Полиция жұмысына берілетін ең жоғары баға, ол — халық сенімі. Өз басым астаналық полицейлер сол сенімді ақтап жатыр деп айта аламын. Енді сол тәртіп сақшыларының жұмыс істеуіне жағдай жасауымыз керек-ақ.

Иә, мен елордалық полицейлердің жүктемесі жеңіл еместігін айтып жүремін. Бұл сөзім негізсіз емес. Бір ғана мысал айтайын, Нұр-Сұлтан қаласының Сарыарқа аудандық полициясында 1 кабинетте 8 тергеуші отырады. Ол кабинеттің аумағы 12 шаршы метр ғана. Әрине, қызмет барысында құпия деректер айтылатыны да шындық. Сондықтан осындай мәселеге назар

кеңсе ғимараттарын көріп жүргендіктен, полицейлер де кең кабинетте отырса дейміз. Бізде шамамен 4,5 мың полиция бар болса, соның жартысының баспанаға мұқтаж екен. Сондықтан оларға жағдай жасау жағы қарастырылып келеді. Менімше, келешекті ізбасарларымыздың тұрмысы түзеліп, алансыз қызмет істеуіне мүмкіндіктер жасаларына шүбәсіз сенемін. Өйткені оған алғышарттар бар. Департамент басшылары осы бағытта жұмыс істеп жатыр.

Жас qazaq: Кадр дегеннен шығады, полиция болғысы келетін жастар көп пе?

Қаршыға Кішкентаев: Полиция болғысы келетіндер баршылық. Оның үстіне полиция департаменті — мамандандырылған мекеме

Халықпен тиімді кері байланыс орнату, азаматтардың арыз-шағымдарына ашық және жедел әрекет ету, қызметтік міндеттеріне кәсіби тұрғыда қарау – бүгінгі полицияның негізгі міндеті. Полиция жұмысына берілетін ең жоғары баға, ол – халық сенімі. Өз басым астаналық полицейлер сол сенімді ақтап жатыр деп айта аламын.

болғандықтан, үміткерлер тексеруден өтеді, өзі ғана емес, ата-анасын, туыс-туғанын түгел тексереміз. Сотталмаған болуы керек деген талап бар, өкімшілік-құқықбұзушылық жасады ма, оған да мән береміз. Біз енбек еткен жылдары органда жұмыс істегісі келетіндер көп болатын. Қазір өзгеріс бар. Бұл полиция жұмысының ауырлығынан деп ойлаймын. Соған қарамастан, тынымсыз жұмыс істеп жүрген әріптестеріме ризамын. Сенбі-жексенбі күндері күшейтілген режимде жұмыс істейді.

Жас qazaq:

Ардагерлер кеңесі атынан құзырлы орындарға қандай да бір ұсыныспен шығып тұрасыздар ма?

Қаршыға Кішкентаев: Әрине, біз — астаналық ардагерлер кеңесі өзімізден жоғары тұрған республикалық ішкі істер саласы ардагерлері кеңесінің төрағасына өтініштеріміз бен ұсыныстарымызды жеткізіп тұрамыз. Осы ұйым әрі қарай әрекет етеді. Бір қуанарлығы, полиция қызметкерлері жағдайымызды жасандар деп отырған жоқ. Өз міндеттерін адал атқарумен қатар, мәдени-спорттық шараларға қатысып, департамент абыройын аскактатып жүр. Осы жылдың тамыз айында Ақмола облысының Шұғыл каласында мемлекеттік басқармалар арасында шағын футболдан турнир өтті. Жарысқа қатысқан 40 команданың ішінде Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің шағын футбол құрама командасы бірінші орынды жеңіп алды. Жеке аталымда командамыздың мүшесі, арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасының аға инспекторы, полиция



міндеттелген. Бұл тұрғыда елордалық полиция қызметкерлері өзге аймақтарға өнеге бола алады. Біз осы ерекшелігімізбен мақтана аламыз. Сөзімің соңында ел үшін енбек етіп жүрген әріптестерім жұмысының жемісін көрсек екен деймін.

Жас qazaq: Әнгіменізге рахмет!

Майталман

Полиция қызметінің кинология деген қызықты бір саласы бар. Елімізде

бұл сала соңғы жылдары өте жақсы дамып келеді. Себебі кинолог маман мен ол тәрбиелеген иттің көмегіңсіз ірі іс-шараларды өткізу өсте мүмкін емес. Бұдан бөлек, қылмысты тексеруде де иісшіл иттердің рөлі зор. Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаментіне қарасты кинология қызметі орталығы бұл бағытта ауыз толтырып айтарлық жұмыс істеп отыр.

Сырт көзге кинология ер-азаматтарға ғана тән сала сияқты көрінеді. Алайда астаналық кинология орталығында бүгінде бірнеше қыз-келіншек серіктес иттерімен ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүр. Солардың бірі – кинология қызметінің кіші инспекторы, полиция старшинасы Ақбота Еңсебаевамен сөйлесудің сәті түсті.

ТАҢДАУЫ ҚАТЕЛЕСТІРМЕДІ

Асылында, адам бір кәсіпке бейімделіп өседі. Ақбота да солай. Ол бала күннен құқық қорғау саласында енбек етуді армандады. Алайда ата-анасының қалауы басқа еді, олар Ақбота экономика саласының маманы болғанын қалады. Ата-ананың талабынан аса алмаған ол экономист-бухгалтер мамандығын оқыды. Бірақ жылдар жылжи келе бала арманы үстем түсті — диплом алғаннан кейін, көп ұзамай Елордадағы кинология орталығына жұмысқа орналасады. Әңгіме арасында Ақбота: «Құқық қорғау қызметкерлерінің жұмысына бала күнімен қызығатынмын. Сондықтан экономист-бухгалтер мамандығын алып шықсам да, ата-анам айтпай, кинология орталығына жұмысқа келдім. Ата-анам бұл шешімімді естігенде, ренжіген жоқ. Соған қатты қуандым», — дейді. Кинология қызметінде оған Алматы облысынан жеткізілген Аяя атты ит берілді. Басында Аяямен тіл табысып кету онай болмапты. Біраз уақыт бір-бірін жатырқап жүреді, кейін кинологтардың ит үйретудегі құпия

тәсілдерінің арқасында кинолог Ақбота мен Аяя серіктеске айналады. Ақбота: «Ит адамның досы екеніне көзім жетті, Аяяның көзіне қарап, оның қарны ашып тұрғанын немесе ауырып тұрғанын білетін деңгейге жеттім», — дейді ағынан жарылып.

Әдетте, кинология орталығында жарылғыш заттардың иісін ажырататын, есірткі заттарының иісін анықтайтын, сондай-ақ иіс арқылы із кесетін иттер болады. Аяя — одорология бөлімінде. Яғни оның міндеті — иіс арқылы із кесу. Ақбота мен Аяяның түске дейінгі уақыты жаттығуға арналады, ал түстен кейін криминалистермен бірге жұмыс істеуге аттанады. Ақбота мен Аяя осы күнге дейін көптеген қылмысты ашуға көмектесті. Айтпақшы, оның Жұма және Ирис атты екі иті де иісшіл, елгезек.

АЯЯ ЖАҢЫЛМАЙДЫ

Бірде ветеринар Аяяға жедел түрде операция жасау керекін айтады. Итке наркоз салынып, операция басталады. Ақбота Аяяның шарасыз түрін көріп,



кинологтардың біліктілігін көтеруге мүмкіндік беретін негізгі базалық орталық Алматыда орналасқан.

Астаналық кинологтар да сол орталықта дағдысын жетілдіріп келеді. Бұдан бөлек, кинолог мамандардың біліктілігі мен деңгей-дәрежесін арттыру үшін түрлі жарыс өтіп тұрады. Нұр-Сұлтан қаласындағы кинология қызметі орталығының мамандары Аустрияға барып тәжірибе алмаса бастады. Бұл саланың атап өтер бір жаңалығы, кейінгі жылдары иттерді өз елімізде көбейту қолға алынғыпты. Кинолог қыз әңгіме арасында: «Ит күшік кезінен жаттықтырылады. Біздегі иттердің өз міндетіне, атқаратын «жұмысына» қарай, мінез-құлықтары да түрліше қалыптасады. Мысалы, жарылғыш заттарды табатын иттердің мінезі салмақты, себебі жарылғыш затты іздеген кезде алдымен сак болу керек қой, міне, бұл жұмысты атқаратын ит те солай тәрбиеленеді. Есірткі

іздеуші иттер, керісінше, тыным таппайтын болып келеді. Жалпы, бізде оқу-жаттығу үздіксіз жүргізіледі. Сонда ит әрқашан жеңе кез келген жағдайға дайын болады», — дейді.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕРЛІК

Кинология қызметінде жылдамдық пен қырағылық маңызды рөл атқарады. Бұл қасиет осы сала мамандарының бойына сіңетіні сондай, олар қызметтен тыс кезде де кез келген оқиғада жедел әрекет етеді. Соның бір мысалы, былтыр Ақботаның басынан өтті.

2018 жылдың 11 желтоқсаны, кешкі сағат 22.30 шамасы. Астана іргесіндегі Қоянды ауылы. Қаз-қатар сап түзеген жер үйлердің мұржаларынан тіршіліктен белгі бергендей түтін будақтап тұр. Жаз бойы салған үйіне қысқа салым кірген отбасы алаңсыз отырған. Үйдегі үлкендер де, 4 пен 7 жас шамасындағы екі бала да өз ісімен шұғылданып отыр. Олардың алаңсыз отырғаны сондай, өздері тұрып жатқан үйде өрт шыққанынан да бейхабар. Тілсіз жаудың жалаңдаған жалынын бірінші болып қарама-қарсы үйде тұратын келіншек байқалды. Ол көрген бойда күйеуімен бірге өрт шыққан үйге қарай жүгірді. Бұл полиция қызметкері, біздің кейіпкеріміз Ақбота Еңсебаева болатын. Оқиғаны еске алған қыз: «Үйге кірген кезде от қатты лаулап, жанып жатты. Үйге кірген себебім, ойымда тек балалар ғана болды. Көмектесуді ғана ойладым. Балаларды дереу алып шығып, өзіміздің үйге әкелдік. Бұл кезде өрт үйдің екінші жағына жеткен еді», — дейді.

Отағасы екеуі жанып жатқан үйдің бұрыш-бұрышын сөндіруге кіріседі. Абырой болғанда, адамдар аман қалды. Ал өрттенген үйдің орнында күлі ғана жатты. Оқиға куәгерлерінің айтуынша, егер Ақбота мен күйеуі болмағанда өрт қандай апатқа әкеп соқтыруын болжау мүмкін емес екен. Ал Ақбота өзінің бұл әрекетін ерлікке баламайды, сондықтан да бұл туралы жария ете қоймаған. Арада біраз күн өткенде жергілікті полиция департаментіне Қоянды кентінің тұрғынынан хат келеді. Онда Кинология қызметі орталығының кіші инспектор кинологы Ақбота Еңсебаеваның ерлігі баяндалып, оған алғыс айтқан. Ақбота мен Хамит Еңсебаевтар отбасының бұл ерлігі содан кейін ғана ақпарат құралдарында жариялана бастады. Ол әлі күнге дейін «Ондай төтенше жағдайда әрбір азамат осылай істер еді» деп санайды.

Бетті дайындаған Мейтай ШЫҢҒЫСҚЫЗЫ, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша меншікті тілші

Қызмет

Осыдан он шақты жыл бұрын қарапайым жұрт бір құжат алуға апталап, тіпті айлап уақыт жұмсайтын. Бүгінде осы қызмет түрі бірер сағаттың шаруасына айналды. Мұның өзі мемлекеттік мекемелерде халыққа қызмет көрсету мүмкіндігінің кеңейгенін көрсетеді. Нұр-Сұлтан қаласында да мекемелер қызметін оңтайландыру, тұрғындардың сарыла кезек күтуін болдырмау, қызмет сапасын жақсарту мақсатында қыруар шаруа атқарылуда. Олардың көш басында халыққа қызмет көрсету орындары тұрғаны анық. Бұл жолы оқырмандарды елордалық мекеме қызметімен жақынырақ таныстыруды жөн көрдік.

ELEKTRONDYQ QYZMET ORTALYǴY

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы астанадағы ЭКСПО аумағында Elektrondyq qyzmet ortalyǵyп ашты. Бұл халыққа қызмет көрсету орталықтарының жаңа форматы. Онда азаматтар ХҚКО операторларының қатысуынсыз-ақ толық автоматтандырылған мемлекеттік қызметті өз бетінше ала алады. Ерекшелігі сол — бұл жерге келген адамға операторлардың да, кеңесшілердің де көмегі қажет емес. Себебі ғимарат ішіне кірген адамды I-sana атты виртуалды кеңесші қарсы алады. Егер орталық базасына тіркелген болсаңыз, тіпті аты-жөнінізді айтып та амандасады. Ал кері жағдайда базаға тіркелуіңізді сұрайды. Виртуалды кеңесші қажет анықтаманы қалай алу керектігін өзіңіз сұрақ қойған тілде айтып түсіндіреді.

Сонымен қатар мекенжай анықтамасын алу да бұрынғыға қарағанда айтарлықтай жеңілдеді. Енді оны электронды қызмет орталығының Telegram желісіндегі парақшасы арқылы жеке куәлігіңіздегі сандарды енгізу арқылы керек анықтаманы кез келген жерден отырып алуға болады.

Орталық жеке куәліксіз келетіндердің де жағдайын қарастырып қойған. Енді жеке куәліктің орнына бет-әлпеті мен саусақ ізін қойса жетіп жатыр. Сол арқылы қажетті мәліметі алуға болады. Әрине, бұл жоғарыда айтылғандай, базаға тіркелгендер үшін қарастырылған. Ал тіркеуде болмаса, биометрлік мәліметтерін базаға енгізуі қажет.

Алпысты алқымдап қалған Зәуре есімді қала тұрғыны «Бұрын анықтама алу үшін

жүргізіліп жатыр. Халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік мекеме 09:00-18:00 аралығында жұмыс істейді. Орталықтың алға қойып отырған жоспары аз емес. Енді СОО секілді жұртшылық көп жиналатын орындарға арнайы терминал орнатып, сол арқылы мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

SMS АРҚЫЛЫ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚТЫ

Бәрімізге белгілі елімізде ер адамдар 63 жаста, ал нәзік

БҰРЫН ҚИЫН ЕДІ, ҚАЗІР ОҢАЙ

жандылар 58-де зейнетке шығады. Зейнет жасына жеткенмен, олардың зейнеткерлікке шығуы ол-оңай емес. Бүгінге дейінгі еңбек өтілі туралы құжат, туу туралы куәлік, жеке куәлік, мекенжай анықтамасы, диплом көшірмесі секілді қағаздың түр-түрі талап етіледі. Одан да бөлек жұмыстары бар. Енді мұның да проблемасы шешілген сынайлы.

Жақында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы зейнетақыны рәсімдеу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты. Жобаны іске қосу туралы тиісті бұйрыққа цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бірлесіп қол қойды.

Бұл жоба алғашқы кезеңде азаматтарға арналған үкімет қызметкерлері арасында

КЕЗЕККЕ ТҰРУ ШЕШІЛДІ

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының цифрлы жүйеге толығымен көшуі үшін алдымен тұрғындардың сандық сауаттылығы керек. Сол себепті «Азаматтарға арналған үкімет» мекемесі бұл процеске кезең-кезеңімен көшуді жоспарлап отыр. Осы орайда айта кетер бір жайт, еліміздегі қызмет көрсету орталықтарының біразында, әсіресе жаз мезгілінде кезек жиі кездеседі. Бұл мәселе қазіргі уақытта да өзекті болып отыр. Өз кезегінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басшысы Әсемгүл Балташева бұл жағдайды былайша түсіндіріп берді: «Жазда саяхатқа аттанатын жұрт жана құжат үшін ХҚКО-ға жүгірсе, демалысқа бармайтындар бір жыл бойы ығыстырып келген қағаз жұмысымен белсенді айналысуға көшеді. Құжаттардың арасында тіркеу, жылжымайтын мүлікті рәсімдеу, автокөлікті сатып алу және тіркеу секілді түрлері жиі кездеседі. Бұдан басқа, әлеуметтік бастамаларды іске асыру үшін мемлекеттік органдар тарапынан да әртүрлі құжат, анықтама сұралады. Оның бәрі тек ХҚКО-да ғана беріледі. Құжаттардың арасында атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, тұрғын үй көмегі, студенттердің уақытша тіркеуі, медициналық анықтама беру жайы да жиі ұшырасады», — деді.

ғана берген едім. Мұны кешіктіруіме бірнеше себеп бар. Өзім өке-шешемнің тұңғышы болғандықтан, есім тандап жүріп қалдық әрі жұмыста болғандықтан бос уақытым болмады. Таң қалғаным, Алматы аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы мен ойлағаннан да жылдам жұмыс істейтін болып шықты. Кеше кешке қарай келіп, ұлымының құжаттарын өткізіп едім, бүгін түсте телефонима туу туралы куәліктің дайын болғаны туралы SMS-хабарлама келді. Қазір екі адамнан кейін барып, әке болғанымды растайтын алғашқы құжатымды аламын», — деді қуанышы қойнына сыймай.

Иә, құжат алудың жылдамдығы еріксіз таң қалдырды. Нәрестенің туу туралы куәлігін дайындауға бір күнге жетер-жетпес уақыт кеткені шынымен қуанарлық жағдай. Ал бұрын қалай еді? Есіңізге түсіріп көріңізші. Бұл цифрлы технологияның қаншалықты дамығанының бір көрінісі.

ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА ЖАҒЫМДЫ Жаңалық

Әлгі кісі кезегі жетіп орнынан тұрып кеткен соң, қасыма ерлі-зайыпты екі адам жұмысты. Айтуынша, жақында ғана отбасын құрыпты. Бірақ әзірге АХАЖ-ға барып неке куәлігіне тапсырмаған. Өзін Данияр деп таныстырған ол: «Алматы ауданының АХАЖ бөлімі бұл

Әсемгүл БАЛТАШЕВА жұмыс үстінде



біраз уақытым кететін еді. Бүкіл жұмысымды тастап, бір жапырақ қағазды алуға ХҚКО-ға баратынымын. Егер қандай да бір орынға барғанда аяқтастынан осы анықтаманы талап етер болса, жоспарым сол жерде аяқсыз қалатын. Ал қазір бәрі басқаша. Заман бір орында тұрмайды. Бастапқыда коммуналды төлемдерді үйде отырып жүргізе береді дегенге таң қалып едік. Енді бәрі халықтың ыңғайына қарап жасалып отыр», — дейді.

Расында да технологияның дамыған заманы келді. Жаһандық көрме өткен аумақта ашылған бұл орталық Digital drive технологиясымен ерекшеленді. Ерекшелігі сол — жүргізуші куәлігін алардан бұрынғы сынақты дәл осы орталықтағы көлікке ұқсас орнатылған аппарат арқылы тапсыруға болады. Сырт келбеті, көрінісі көлікке ұқсас.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдарға сауал жолдағысы немесе шағымданып барғысы келетіндер де баршылық. Ал оны қалай жүзеге асыру керектігін көпшілік білмей жатады. ЭКСПО аумағындағы заманауи технологиялармен жабдықталған халыққа қызмет көрсету орталығы бұл мәселені де шешіп қойыпты. Ғимарат ішіндегі Video call room бөлмесінде қалаған мемлекеттік мекеменің басшысына сауалыңызды немесе арыз-шағымыңызды бейнежазба түрінде жеткізе аласыз. Ал оның жауабы 15 күннің ішінде жетеді. Бұл халыққа қызмет көрсету орталықтарының болашағы деп те айтуға болады.

ЭКСПО аумағындағы мекеме халыққа қызмет көрсету орталықтарының қатардағы бірі емес, ол азаматтарды оқыту орталығы ретінде де жұмыс істейді. Бүгінде мемлекеттік қызметтердің 71%-ы электрондық форматта қолжетімді. Орталықтың ендігі мақсаты әрі міндеті — бұл көрсеткішті быыл 80%, ал келесі жылы 90% деңгейінде қамтамасыз ету.

Осы орайда, қызметтің бәрін онлайн алуға мүмкіндік жасалса, ХҚКО-лардың болашағы қандай болады деген сауат туындары анық. Ондай жағдайда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ХҚО-ларды оқыту, біліктілікті арттыру, компьютерлік сауаттылық дамыту орындарына айналдырмақ. Себебі қазірдің өзінде бұл жұмыс ЭКСПО аумағында мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесе

жүргізілмек. Оған еліміз бойынша шамамен 22 мың адам кіреді. Бастаманың ерекшелігі — зейнет жасына жеткендер үшін өте қолайлы болмақ. Бірнеше айға созылатын процесс енді бір ғана SMS-хатпен шектеледі.

«Азаматтарға арналған үкімет» баспасөз қызметі бізге өз жұмыстарын былай түсіндірді: «Зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау бойынша қызметтерді рәсімдеу үшін міндетті түрде ХҚКО-ға бару қажет болатын. Енді зейнетақы жасына жетуге 10 күн қалғанда арнайы SMS-хабарлама келеді. Келіскен жағдайда жауап ретінде «Иә» сөзін жіберу қажет. Айта кету керек, қызметті рәсімдеу үшін болашақ зейнеткер еңбек шарттарын бірыңғай есепке алу жүйесіне енгізу үшін жұмыс орнындағы кадр бөліміне өзінің еңбек қызметі туралы мәліметтерді алдын ала ұсынуы қажет», — деді.

Қазіргі уақытта «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының 2 қызметкері зейнетке шықты. Олар — Нұр-Сұлтан қалалық филиалының әлеуметтік блогының қызметкері Райхан Жолдықұлова мен Ақмола облысы бойынша мемлекеттік корпорация филиалы жер кадастрының қызметкері Любовь Шестаева. Любовь Викторовна: «Мемлекеттік корпорацияда жұмыс істей жүріп, көптеген қызметтердің электрондық форматқа көшуіне байланысты олардың алу уақыты азайғанына үйреніп қалдық. Дегенмен SMS-хабарлама арқылы зейнетке шығамын деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмеген еді. Маған ешқайда барудың да қажеті болмай қалды. Зейнетке шығуға қажет істің бәрін жұмысымдағы кадр бөлімі мен өзімнің ұялы телефоным шешіп берді. Мұндай жанаашылдықтың бәрі өзім еңбек ететін мекемеде іске асырылып жатқанына қуанамын», — деді.

Бұл тәжірибе жүзінде жүргізіліп жатқан жобалардың бірі екенін жоғарыда айттық. Әзірге бастамасы көңіл қуантарлық. Егер пилотты бастама сәтті жүзеге асырса, халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік мекеме басшылығы мұны өзге де ұйымдарға енгізуді жоспарлап отыр. Әзірге бұл уақыт еншісінде.

айтуға болады. Бірақ көбісі адамның өзіне байланысты. Егер адам шынымен қаласа, қажетті мәліметті алудың жолын қарастыра берді. Бұл біздің өз жұмысымыздан қашып отырғанымыз емес. Адамның өз уақытын тиімді пайдаланып, өмірін жеңілдетуіне онлайн қызметтің көмегі зор. Ал оны білмейтін болса, біздің орталыққа келсін, цифрлық сауаттылығын арттырамыз, базаға тіркеп, электронды қолтанба алып береміз», — деп түсіндірді.

ЖҰРТПЕН ЖҮРГЕН БІР КҮН...

Бүгінге дейін түрлі әлеуметтік желілерде, ақпарат беттерінде қызметтерді алудың жеңілдетілгені, оған кететін уақыттың азайғаны жөнінде түрлі хабар жарияланған. Міне, осы құжат алудың жылдамдығын білмек үшін Нұр-Сұлтан қаласындағы Алматы аудандық халыққа қызмет көрсету орталығына барып, бәрін өз көзімізбен көруді ұйғардық. Бұл орталық Елордадағы Тәуелсіздік даңғылы мен Бейімбет Майлин көшесінің қиылысындағы ғимараттың екінші қабатында орналасқан. Үлкен залдың ішінде жұртшылық отырған орынға қарай аянадық. Қасына отырған кісіден қандай жұмыспен келгенін әрі оған қанша уақыт жұмсағаны туралы жөн сұрадық.

Елордалық 25 жастағы Арман есімді жігіт: «Өткен аптада тұңғыш рет ұлды болып, әке атандым. Одан бері біраз күн тез өте шықты. Баламның туу туралы куәлігіне өтінішті кеше

ғимаратта емес. Бірақ электронды цифрлық қолтанба ашу үшін халыққа қызмет көрсету орталығына келуім керек екен. Анықтама бөліміндегі мамандар оның 15 минутқа жетер-жетпес уақыт алатынын айтып отыр. Қазір кезегім келгенде бәрін өз көзіммен көремін», — дейді.

Істің қалай аяқталғанын өз көзіммен көру үшін алыстан бақыладық. Шығарберісте Данияр электронды цифрлық қолтанбаны

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ БІЗГЕ ӨЗ ЖҰМЫСТАРЫН БЫЛАЙ ТҮСІНДІРДІ:

«ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН, МЕМЛЕКЕТТІК БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІН ЖӘНЕ БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНАН ТӨЛЕНЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕРДІ РӘСІМДЕУ ҮШІН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ХҚКО-ҒА БАРУ ҚАЖЕТ БОЛАТЫН. ЕНДІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАСЫНА ЖЕТУГЕ 10 КҮН ҚАЛҒАНДА АРНАЙЫ SMS-ХАБАРЛАМА КЕЛЕДІ. КЕЛІСКЕН ЖАҒДАЙДА ЖАУАП РЕТІНДЕ «ИӘ» СӨЗІН ЖІБЕРУ ҚАЖЕТ. АЙТА КЕТУ КЕРЕК, ҚЫЗМЕТТІ РӘСІМДЕУ ҮШІН БОЛАШАҚ ЗЕЙНЕТКЕР ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН БІРЫҢҒАЙ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІНЕ ЕНГІЗУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ КАДР БӨЛІМІНЕ ӨЗІНІҢ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ АЛДЫН АЛА ҰСЫНУЫ ҚАЖЕТ», — ДЕДІ.

бөлімінің еншісінде. Бұл мен куә болған екі-ақ жағдай. Екеуінің де жұмысы бұрын біраз уақытқа созылатын. Елорда тұрғындарының игілігі үшін



жұмыс істейтін мемлекеттік мекеме жұмысының күн санап ілгері дамып бара жатқанын осы екі оқиғадан-ақ білуге болғандай. Ал цифрлы технологиялар дамыған сайын адам өміріне қолайлы жағдай жасала беретіні анық. Бұл орайда Нұр-Сұлтан қаласындағы мемлекеттік мекеме алдыңғы орында тұрары даусыз.

Ғабиден ДОСЖАН, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша меншікті тілші

(Соңы.
Басы өткен санда)

ТУСАҢКЕСЕР



Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында сахналанған «Фариза» спектаклі көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Жыр падишасы Фариза Оңғарсынованың 80 жасқа толуына орай ұйымдастырылған қойылымды жұртшылық екі күн бойы тамашалады.



Жыр жауған күн



Туындыны «А+А Idea Fabric» продюсерлік орталығы дайындады. Жобаның бас продюсері және идея авторы — Айнұр Көпбасарова. Қойылым алдында БАҚ өкілдерімен кездескен жоба авторлары мен шығармашылық топ мүшелері «Фариза» спектаклі туралы журналистерге жан-жақты әңгімелеп, Жобаның авторы әрі бас продюсері Айнұр Көпбасарованың айтуынша, Фариза Оңғарсынова жайлы қойылымды сахналай

идеясы осыдан үш жыл бұрын пайда болған. Ол: «Қойылым қою туралы идея туындап, тұжырымдамасы жасалғаннан кейін Фаризаның шәкірті, драматург Роза Мұқановаға сценарий жазуға өтініш білдірдік. Фаризаның сомдау, оны сахнада қою үшін біз сценарийді белгілі актрисалар Назгүл Қарабалина мен Лейла Бекназар-Ханинға арнап жаздырдық. Ал қойылымды талантты режиссер Фархат Молдағалиға қоюға ұсыныс жасадық. Қойылымның ауыр жүгін аркалап жүрген техникалық мүмкіндіктерге жауапты — жобаның көркемдік жетекшісі Шара Айдарова. Фариза өлендерін әдеби тұрғыда дұрыс айтылуын қадағалаған әдеби редактор — Шынар Омарова. Бұл тек бір адамның идеясы емес, бұл бүкіл команданың бірігіп атқарған жұмысы», — деді.

Көпшілік қызығушылығын оятқан туындыны біз де тамашаладық. Фаризамен бірге толқылдық, бірге қуандық, бірге жұбандық. Әсіресе ақын Мұқағали мен Фариза жырларының үндескен тұсында ерекше әсерге бөлендік.

Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

БААА БҮЙНЕ



Мен шығыс өңірдегі Тарбағатай ауданына қарасты Жетіарал ауылында дүниеге келдім. Ұласты совхозында Ленин атындағы он жылдық мектепте оқыдым. Сурет салуға бала кезден қызығатын едім. 4-5 сыныптан бастап бейнелеу өнеріне деген қабілетім ояңды. Қазір өлге танылып, суретші, карикатурашы атанып жүрсем, бір кездердегі армандарымның орындалғаны деп ойлаймын.

Кезінде атқа құмарлығым туралы «Арман» деген әңгіме жазғанмын. Сол әңгімеме арқау болған балалық шағымды әңгімелеп берейін. Әкем кезінде колхоздың бастығы кейін селолық советтің төрағасы болды. Ол кезде басшылық қызметтегілер қазір қымбат көлік мінітіндер секілді мықты жылқы мінітін. Әкемнің жорға жирен аты болды. Ол жорғаға баланы көп мінгізбейтін, өйткені мінезді жылқы балаға бас бермейтін. Сол атты бәйгеге мінсем деген арманым болды.

Қыркүйек басталғанда орталыққа жаздай жайлауда болған малшылардың

Еркін НҰРАЗХАН, мәдениет қайраткері:



балалары келеді. Әлгілердің әңгімесін тыңдаймын. Олар тауда, жайлауда түрлі аң-құстарды қалай көргенін айтып қызықтырады. Жайлауда ірілі-ұсақты тойларды, бәйгеге қатысқандарын айтады. Бір күні әкемнің танысы — Мұқаш деген шопан кісі үйге келді. Оның бәйгеге қосатын Көкшұбар деген аты болатын. Соны аламан бәйгеге қосуға келіпті. Көкшұбарды балаларының бірі мініп шықсын деген өтінішін айтты. Сол сәтте мен де үйге келіп қалған едім.

— Мына бала атқа шаба ала ма? Аты кім? — деді әкеме.
— «Шаба аламын» дедім әкемнен бұрын жауап беріп. «Ауылдың шетінде шауып жүрмін ғой» деп қоямын.
— Бәйгеге шауып көрген жок, егер шапқысы келсе, көрсін, — деді әкем.

Сол әңгімені әрі-бері жүрген шешем естіп қалып:
— Не дейді, бәйгесі несі! — деді.
Мұқан, бәйгеге ат баптап келіпті. Соған балаң мінсін деп жатыр, — деді әкем.
— Қой, қайтесің керегі жок. Бәйгеге шауып көрмеген бала. Құлап қалады, — деп анам шыр-пыр болды.
«Бәйгеге көп ат қосылады. Ұзаққа шаба алмайсың. Құлап, мертігіп қалсаң, қайтеміз» деп маған рұқсатын бермеді. Анамыздың сөзін тыңдап, сол күні ат жарысына қатыспадым. Сол кездегі ат бәйгесіне қатыспағаным әлі күнге дейін арман болып қалды. Кейін атқа мініп, бәйгеге шапқанымды түсімде көрдім. Бала арманым түсімде орындалды.

БИ КЕШІН КӨРЕ АЛМАДЫҚ

Бала болғаннан кейін тентектік деген қатар жүреді. Біздің мектепте әр аптаның соңында би кеші болады. Кешті ұйымдастыратындар — жоғары сыныпта оқитындар. Ол кешке 9,10,11 сыныптағылар ғана қатысады. Мектептің үлкен залында музыка қойып, вальс билеп, би кеші басталады. Ал біз сияқты төменгі сыныпта оқитындарды онда мүлдем кіргізбейді. Ол кезде шамасы 6-сынып оқимыз. Би кеші өтетін залда озат оқушылардың фотосы бар үлкен

құрмет тақтасы тұратын. Сол тақтаның арты қуыс болатын. Біз үш баламыз. Сол күні кезекші болып, сабақтан кейін кабинеттің еденін жудық. Би кешінің басталуына бір сағат қалғанда үшеміз барып қуысқа жайғаспақшы болдық. Екі досым бірінші кіріп орналасып алды. Мен олардан кейін кірдім. Сөйтсек, үш адам сымайтын сияқтымыз, тақта ары-бері қозғалғандай болды. Құлайтынын біліп мен бірінші сытылып, қашып кеттім. Дәл сол сәтте мұғалімдер бөлмесінен шыққан мектеп директоры Базархан Галиев пен тағы бір-екі мұғалім залда сөйлесіп тұр екен. Алысырақ барып тұрдым. Бір уақытта тақта тарс етіп құлады. Мұғалімдер шошып кетті. Әлгі екі досым қуыста ұрпип отыр. Екеуі кінәлі болып директордың алдынан бір-ақ шықты. Негізі, ол жерде менің де кином бар. Екеуін итермегенде тақта құламас па еді...

ТҰЗАҚ

Әсіресе каникул кезі қызыққа толы болатын. Менімен тегелес Мержақып деген ағам бар. Ал менен кейінгі кіші інімнің есімі — Ертіс. Ағамыз Мержақыпты Мекен дейміз. Ол бізді жанына ертпейді, үлкен балалармен ойнайды. Біз Ертіс скеуіміз бірігіп алып неше түрлі тұзақ ұйымдастырамыз. Қорамыздың төбесінде ойық жер болатын. Сол ойықтың үстіне шөп


Ортадағысы Е.Нұразхан

төсеп қойып, бір жолы сол Мекенді құлатқан едік. Абырой болғанда, сүйегі аман, денесі ауырсынып қалыпты. Біз ауыл сыртындағы өзгенге қашып кеттік. Кешке үйге келгенде анамыздан бәрібір сыбағамызды алдық. Балалық шакка сапар шексек, неше түрлі қызыққа толы оқиғаларды тізбектей беруге болады. Балалық шак ол — адамның есінде мәңгі сақталатын тәтті кезең. Естен кетпейтін естеліктеріміздің бір парасы осы.


Жазып алған
Макпал НОҒАЙБАЕВА



Jas qazaq газетінің №34-35 санында Қазақстан волейбол федерациясы сайтындағы қазақ тілі бөліміне қатысты арнайы сауал жолдағанымызды жазған болатынбыз. Федерация өз кезегінде бізге хабарласып, сауалымызға арнайы жауап жолдады.



АЛ ТҮСІНІП КӨР!



Айгерім Тоқтарбайдың
фейсбук парақшасынан

АА ӘЙТНЕСЕ:



Жуырда Алматы іргесіндегі Мыңбаев ауылында ауыл шаруашылығы министрлігі, «Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы», Қазақ мал шаруашылығы және азық-өндірісі ғылыми-зерттеу институты және Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ұйымдастыруымен Қазақстан қой шаруашылығының II съезі өтті.



Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ, фото автордікі

Съезд аясында қой шаруашылығы мен ешкі шаруашылығының даму үрдісі мен келешегі сөз болып, қойды бағалау және қыркүй бойынша тәжірибе сабағы ұйымдастырылды. Асыл тұқымды малдардың бәссаудасы өтті. Бәссауда барысында асыл тұқымды қойлардың бағасы қаншалықты шарықтағанына көз жеткіздік. Ең асыл тұқымды гемпшир қойы 200 мың теңгеге саудаланды. Ал Орталық Азияда кеңінен танымал болған Фиссар тұқымының қошқарын Жаркент өңірінің тұрғыны 190 мың теңгеден сатып алды. Салмағы 180 келіге дейін жететін Шопан ата тұқымының әлемдік нарықтағы құны 16 000 долларға дейін жетеді. Мұндай асыл тұқымды қошқардың төлдері еліміздегі қой шаруашылығына тек пайда әкеледі.



Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ, фото автордікі

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutha@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2179;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция қозқарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сіттемесіз көшіріп басуға болмайды.